

**«LOVEвите_лето 2022»
облыстық сыныптан тыс оқу сайысының
Ережесі**

Интернет-сайыстың мақсаты мен міндеті

Мақсаты:

- жазғы демалыс күндері балалар мен жасөспірімдерді кітапханаларға жүйелі түрде баруға және оқуға тарту, бос уақыттарын ұйымдастыру;

Міндеті:

- оқырманның ой-өрісін қалыптастыруға және кеңейтуге ықпал ету;
- жеке және шығармашылық жұмыс түрлері арқылы оқырмандардың қызығушылығын дамытуға ықпал ету;
- жас оқырманның өзін-өзі дамытуында кітап пен оқудың рөлін күшейту;
- балалардың сыныптан тыс оқуын қадағалау.

1. Облыстық жазғы оқу сайысы – 2022 іске асыру мерзімі (бұдан әрі – Сайыс) 2022 жылдың 1 маусым және 31 тамыз аралығында өткізіледі.

2. Сайыстың ұйымдастырушылары мен қатысушылары

2.1 Облыстық жазғы оқу сайысының ұйымдастырушысы Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» КММ болып табылады (Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.).

2.2 Байқаудың мақсаттары мен міндеттерін қолдайтын ШҚО көпшілік кітапханалары бірлесіп ұйымдастырушылар бола алады.

2.3 Сайысқа екі жас санатындағы оқырмандар қатысады (6-10 жас, 11-16 жас).

3. Сайыстың негізгі іс-шаралары

Сайыстың негізгі іс-шаралары қатысушылардың екі санаты арасында өткізілетін шығармашылық номинациялар болып табылады. Әр номинация үшін «**Қатысушы сауалнамасын**» толтыру қажет (2-ҚОСЫМШАНЫ қараңыз). Толтырылмаған сауалнамасыз жұмыстар сайысқа қабылданбайды.

3.1 «**Гусиное перо**» номинациясында қатысушылар өздерін жазушы рөлінде сынап көре алады, интернет-байқауға ұсынылған кітаптар тізіміндегі шығармалар желісі бойынша эссе, әңгіме, ертегі және т.б. жаза алады (1 ҚОСЫМШАНЫ қараңыз).

3.2 «**Друзья в переплете**» номинациясында – жазда оқыған кітаптар туралы әңгімелеген буктрейлерді құру (1 ҚОСЫМШАНЫ қараңыз).

Буктрейлерге қойылатын техникалық талаптар:

- *көлденең түсірілім (горизонтальды)*;
- MPEG4 рұқсаты 720x576 кем емес болу қажет;
- Буктрейлердің ұзақтығы 1 минутқа дейін.

Бағалау критерийлері:

- сюжеттің тақырыпқа сәйкестігі;
- әртістік және эмоционалды орындау;
- тақырыпты ашуға шығармашылық көзқарас;
- авторлық құқықты сақтау.

3.3 «**Веселое Ателье Художника**» номинациясы қатысушыларға ұсынылған кітаптар тізімінен (1-ҚОСЫМШАны қараңыз), сүйікті техникасын (коллаж, аппликация, карикатуралық портрет, буклюк және т.б.) пайдалана отырып, кез келген кейіпкердің портретін жасауды ұсынады.

Жұмысты екі жолмен құруға болады:

- кез келген графикалық редакторда (Canva, Desygnеr, Fotor және т.б.)
- А4 форматында акварель, қарындашпен немесе фломастермен қолмен дайындау.

Сурет үшін түс, фон және пішін дербес таңдалады.

JPEG форматындағы сурет немесе PDF форматындағы сканерленген нұсқасы Конкурсты ұйымдастырушыларға электрондық пошта арқылы жіберіледі demina_1969@mail.ru, Erke_md@mail.ru

Сурет салуды бағалау критерийлері:

- шығарма тақырыбын ашудағы тәсілдің өзіндік ерекшелігі;
- грамматикалық қателердің болмауы;
- этикалық нормаларды сақтау (егер плагиат анықталса, жұмыс Байқаудан алынып тасталады)

3.4 «**Глаз-алмаз**» номинациясы – кітап кейіпкерлеріне айналу процесі, сонымен қатар кітапқа қатысты қызықты және маңызды сәттерді суретке түсіруге болатын шығармашылық фотозертхана.

Бұл номинацияға қатысу үшін ұсынылған кітаптар тізімінен өзіңіздің сүйікті кітап кейіпкеріңізге айналуыңыз қажет (1-ҚОСЫМШАны қараңыз) және Конкурсқа қатысушы үшін ыңғайлы ракурста (жоғарыдан, төменнен, қырынан және т.б.) суретке түсу керек.

Техникалық талаптар:

Қатысушылар фотосуретті электронды түрде (JPEG форматында, өлшемі 10x15 кем емес) ұсынады;

Параметрлер бойынша бағалау критерийлері:

- жоғары сапалы түсіру;
- әдеби кейіпкердің бейнесін аша білу;
- түпнұскалық;
- қосымша атрибутты, көркемдік шеберлікті қолдану.

4. Сайыстың қорытындысын шығару

4.1. Сайыстың жеңімпаздарын анықтау үшін қазылар алқасы құрылады, оны төраға, ал ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары басқарады.

4.2. Қазылар алқасының әрбір мүшесі белгілі бір номинациядағы қатысушылардың жұмыстарын критерийлерге сәйкес бағалайды.

4.3. Дауыстарды қорытынды есептеу қазылар алқасының бірлескен шешімімен жүзеге асырылады.

Дауыстардың саны тең болған жағдайда жеңімпазды төраға айқындайды, оның дауысы шешуші болып табылады.

5. Сайысқа түскен жұмыстарды пайдалану құқығы

Сайысқа қатысушылар өздерінің жұмыстарын авторлық төлемақысыз оны ұйымдастырушылардың пайдалануына келісім береді, бірақ автордың есімін келесі тәсілдермен көрсетуге тиісті болады: сайыс жұмыстарының мәтінін, бейнематериалдарды Кітапхана www.vkolibrary.kz сайтында, кітапхананың әлеуметтік парақшаларында, көрмелерде және басқа да көпшілік шараларда көрсету, жинақтарда, сондай-ақ коммерциялық емес негізде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

6. Жеңімпаздарды марапаттау

Сайыс қорытындысы бойынша, барлық номинациялар бойынша I, II, III дәрежелі дипломдар табыс етіледі.

Барлық қатысушылар үшін қатысушы Сертификаты қарастырылған.

Дипломдар мен сертификаттарды табыстау 2021 жылдың 20 қазанында ОҚУ МЕЙРАМЫНЫҢ салтанатты ашылуында өтеді. Қашықтағы қатысушыларға Дипломдар мен сертификаттар электрондық пошта арқылы жіберіледі.

Интернет-конкурсқа қатысатын шығармалар тізімі:

1. Айғали Е. «Бокс қолғабыңды жоғалтпа, бауырым» 16+
2. Амраева А. «Футбольное поле» 10+, «Германия» 12+
3. Арукенова О. «Правила нефтянки» 16+
4. Асанов Б. «Ең әдемі құс қайсы» 9+
5. Базарбайқызы М. «Әкесін іздеген ұл» 9+
6. Баймұхамбетов А. «Ертегісіз өткен балалық» 16+
7. Веревокин Н. «Родина Мамонтов» 11+
8. Джумагельдинова Д. «Еркегали по прозвищу «Кошмарик» 6+
9. Жұманова З. «Ақбота» 16+
10. Земскова К. «В ритме сальсы» 13+
11. Кабанбаев М. «Путешественник Тити» (пер. Ахметбекова Б.) 6+
12. Қайратқызы Ә. «Қыз өссе – елдің көркі» 12+
13. Қайымова Б. «Қазақстан халықтарының ертегілері» 9+
14. Калаус Л., Наурзбаева З. «В поисках Золотой Чаши: приключения Бату и его друзей» 6+
15. Калдыбаева С. «Волшебник, научивший ждать» 16+
16. Клепикова Е. «Карантинные человечки» 6+, «Удивительные 11. приключения Пыхтелкина и Мурчалкина» 6+
17. Көзікоғлу Т. «Алма ағашы гүлдегенде» 6+
18. Қойшыбаев Б. «Ғарышқа жаяу саяхат» 16+
19. Лазарева Л. «Время индиго» 16+
20. Мәжитов Б. «Балдаурен» 9+
21. Познякова С. «Сказка о страхах» 6+
22. Сауран А. «Сказки» 6+
23. Сокпакбаев Б. «Меня зовут Кожа» 8+
24. Сыздықова М. «Ақ басты тырна» 9+
25. Туреханова З. «Амина Туран в стране Номадов» 11+
26. Файзуллаев Ә. «Ақылына ақыл қос» 9+
27. Файзуллаұлы Ә. «Өтірік айтпайтын күн» 16+
28. Шипулина Т. «Волшебные желуди» 6+, «Три чайных дракона» 6+, «Тайна ведьмы Урсулы» 7+, «Зефирный Жора» 9+

Жазғы оқу сайысы - 2022 қатысушының сауалнамасы

<i>Қатысушының толық аты-жөні</i>	
<i>Жасы</i>	
<i>Оқу орны/ жұмыс орны, қызметі</i>	
<i>Елдің, қаланың, ауылдың атауы</i>	
<i>Қатысушы оқырман болып табылатын кітапхананың толық ресми атауы</i>	
<i>Номинация атауы</i>	
<i>Сайыс жұмысының атауы</i>	
<i>Шығарманың атауы</i>	
<i>Мекен-жайы, телефон, электронды пошта</i>	

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес менің дербес деректерімді өңдеуге, пайдалануға және таратуға келісімімді растаймын.

Өтініш толтырылған күн _____

Сайысты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі барлық сұрақтарды, сондай-ақ сайыс жұмыстары мына мекен-жайға жіберіледі:
e-mail: demina_1969@mail.ru, Erke_md@mail.ru

Байланысушы тұлғалар:

Демина Александра Михайловна, ОҚКО басшысы (WhatsApp +77052159776);

Бахтиярова Алма Труспековна, жасөспірімдер секторының меңгерушісі (WhatsApp +77777496292).

Ұйымдастыру комитеті.